

**«Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де педагогикалық кеңесте мектептің әлеуметтік педагогы Құрманбай Бақыттың 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстары жайлы есебі**

Оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімделуіне, үлкендер тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырамауына, қоғамда өз орнын бағыттай алуы мақсатында «Панфилов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де әлеуметтік тәрбие беретін бірқатар жұмыстар атқарылуда.

2023-2024 оқу жылы басында жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Сонымен қатар, іс-құжаттар номенклатурасы бойынша құжаттар және Қазақстан Республикасының, БҰҰ-ның арнайы заңдары мен балалардың құқықтарын қорғауға арналған нормативтік ережелер жинақталған.

Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып отбасыларда тұратын балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсету мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Мектеп жалпы 286 оқушы бар. Оның ішінде қамқоршылық кеңесімен бірлесе отырып әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген 174 оқушы бар екендігі анықталды. 1-4 сыныпта 98 оқушы, 5-11 сыныпта 76 оқушы бір мезгілдік тегін ыстық тамақпен қамтылған. Жартылай жетім-31 оқушы бар. Бұл оқушылардың тізімі ауыл әкімімен келісіліп, мектеп директоры бекіткен.

Мектепте әлеуметтік санаттағы оқушыларға көмек көрсету мақсатында «Қамқоршылық» кеңесі оқушыларды үнемі қадағалап, әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етіп отырады. Атап айтсақ атаулы әлеуметтік көмек алатын 3 оқушыға 121701 теңгеге оқу құралдары мен киімдер алды. «Мектепке жол» атты республикалық қайырымдылық акциясына мектебімізден 3 оқушы қатысып, демеушілер есебінен әр оқушыға 130 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетсе, аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына қатысқан 4 оқушыға және «Қаратау» ЖШС мектеп алды даярлық және 4- сынып оқушыларына жаңа жылдық сыйлықтар берді.

Бүгінгі таңда оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуде бірнеше рет оқушылардан сауалнамалар алынып зерттеу жұмыстары жүргізілді және баяндамалар оқылды.

Әлеуметтік педагог



**Б.Құрманбай**